

Шығыстар бойынша шарттардың орындалу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 933 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органында тіркелген, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы мен "Қазақстан Республикасының суретшілер одағы" қоғамдық бірлестігі арасында жасалған 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 60 шарт бойынша және Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы мен "Қазақстан Вайн энд Спиритс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында жасалған 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 61 шарт бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 1200 қаулысының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген шығыстар бойынша шарттардың орындалу мерзімін 2005 жылғы 20 желтоқсанға дейін ұзарту туралы ұсынысымен келісілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі